

Н.Ә. Алдабек <sup>1</sup>, А.А. Түргенбай <sup>2</sup>, М.Б. Асыл<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

<sup>2</sup>Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,

<sup>3</sup>e-mail: nurzhamal25@mail.ru

## ҚЫТАЙДЫҢ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СИНОФОБИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Ұлттық мемлекеттердің ғана емес, сонымен қатар барша адамзаттың болашағы бұлынғыр болып тұрған, ал халықтардың тағдырын шешетін саяси элиталар мен зиялы қауымдастықтар көптеген көкейкесті мәселелерді шешудің жолын таппай отырған осы аласапыран заманда Қытайдың болашаққа сенімді аяқ басуы, бір жағынан, жарқын үміт ұялатса, екінші жағынан, қауіп тудыруда. Сондықтан бүгінгі таңда әлемде Қытайдың модернизациясына баға беретін қытайлық көзқарастағылар және оған теріс көзқарастағылар тарапынан осы мәселе жөнінде көптеген жан-жақты зерттеулер жүргізіліп келуде. Қытайлық тәжірибе баршаға қызықты, алайда дамудың негізі ретінде еуроцентристік амал орнына қытайцентристік көріністі қабылдауға әлемдік қауымдастық әлі мүлдем дайын еместігі белгілі.

Қазақстан басшылары Қытай үкіметімен тығыз қарым-қатынастары, «стратегиялық серіктестік» пен «өзара ынтымақтастық» туралы ауыз толтырып айтып жатқанда, бейресми деңгейде екі ел арасында шиеленістер бүгінгі таңда жиілеп кеткендігін мойындауымыз қажет. Осы орайда, біз мақаламызда Қазақстан мен ҚХР арасындағы қазіргі кезеңдегі тату көршілік қатынастың екі ел үшін де маңыздылығын атап өтіп, екі ел арасындағы байланыстарға көлеңке түсірер жағымсыз әрекеттердің бір көрінісі – синофобияны туындатып отырған мәселелерді сараладық. Қытайдың стратегиялық «Бір белдеу, бір жол» жобасының елімізге берер пайдалы да ұтымды жолдары қарастырылып, синофобияның еліміз үшін тиімсіз екендігін ашып көрсетуге тырыстық.

**Түйін сөздер:** Қытай, синофобия, «Бір белдеу, бір жол», Орталық Азия, қақтығыс, саясат.

N.A. Aldabek<sup>1</sup>, A.A. Turgenbay<sup>2</sup>, M.B. Assyk<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Ablai khan Kazakh University of International Relation and World languages, Kazakhstan, Almaty,

<sup>3</sup>e-mail: nurzhamal25@mail.ru

### China's "One belt, one way" strategic project and the causes of sinophobic sentiment in Kazakhstan

In this unstable world, where the future of not only nation-states, but of humanity as a whole is in an obscure situation, and the decisive destinies of nations, political elites and intellectual circles are not able to find solutions to many pressing problems, confident steps by the Chinese government to the future, on one hand, inspire great hope and, on the other hand, inspire a threat. In this regard, many studies are actively conducted in the scientific community regarding the modernization of China and from the pro-Chinese, as well as from the anti-Chinese point of view on this problem. The Chinese experience is interesting to everyone, but it is well known that the world community is not yet ready to adopt a China-centrist approach to development instead of the traditional Eurocentric approach.

Despite the fact that Kazakhstan's leaders speak of close relations with the Chinese government, "strategic partnership" and "mutual cooperation", we must admit that on an informal level, tension between the two countries is growing today. In connection with this trend, the article discusses the relationship between Kazakhstan and China. The values and benefits for Kazakhstan of the Chinese strategy "One Belt, One Way" are noted. It also analyzes the issue of sinophobia in Kazakhstan, the causes and consequences for both countries.

**Key words:** China, sinophobia, "One belt One road", Central Asia, conflicts, politic.

Н.А. Алдабек<sup>1</sup>, А.А. Тургенбай<sup>1</sup>, М.Б. Асыл<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский Университет Международных отношений и Мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: nurzhamal25@mail.ru

### Стратегический проект КНР «Один пояс, один путь» и причины синофобии в Казахстане

В этом нестабильном мире, где будущее не только национальных государств, но и человечества в целом находится в неясном положении, а решающие судьбы наций политические элиты и интеллектуальные круги не в силах найти пути решения многих насущных проблем, уверенные шаги китайского правительства в будущее, с одной стороны, вселяют большие надежды и, с другой стороны, внушают угрозу. В связи с этим, в научных кругах активно проводится много исследований касательно модернизации Китая, в которых рассматриваются прокитайская, а также и антикитайская точки зрения на данную проблему. Китайский опыт интересен всем, но хорошо известно, что мировое сообщество еще не готово принять китайцентристский подход к развитию вместо традиционного европоцентристского подхода.

Несмотря на то, что лидеры Казахстана говорят о тесных отношениях с китайским правительством, «стратегическом партнерстве» и «взаимном сотрудничестве», мы должны признать, что на неформальном уровне напряженность в отношениях между двумя странами сегодня усиливается. В связи с этой тенденцией, в статье рассматриваются вопросы взаимоотношения между Казахстаном и КНР. Отмечаются значимые выгоды для Казахстана от китайской стратегии «Один пояс, один путь». Также в статье анализируется вопрос синофобии в Казахстане, причины возникновения и последствия для обеих стран.

**Ключевые слова:** Китай, синофобия, «Один пояс, один путь», Центральная Азия, столкновения, политика.

### Кіріспе

Дэн Сяопин өзінің экономикалық реформаларын жүзеге асыра бастағанда Қытайдың ІЖӨ 10 жыл ішінде 2 есеге, ал ХХ ғасырдың аяғында 4 есеге өсіру жоспарын ұсынды. Алғашында әлем сарапшылары мен саясаткерлері бұл жоспардың жүзеге асырылу мүмкіндігіне күмәнмен қарады, тіпті, аса мән бермеді десе де болады. Себебі, ХХ ғасырда әлемдік жалғыз көсбасшы, ұлы державаға айналған АҚШ жаңа ғасырда да әлем ісін басқару құқын өз қолында ұстап тұратынына сенімді болды. Америкалық тарихшы Ф. Фукуяма АҚШ басшылығындағы батыс либерализміне балама жоқ деген болатын (Fukuyama, 1991: 15).

Дегенмен, Қытай ХХ ғасырдың соңында экономикалық реформалар жемісін көре бастады. Ал, жаңа ғасырдың алғашқы жылдарында қарқынды дамыған Қытай әлеуметтік-экономикалық қайта құрудағы жетістіктерімен дүниежүзінің назарын өзіне аудартты. Оның әлемдегі алатын орны мен жаңа рөлі айқындалды. «XXI ғасыр Қытай ғасыры», «Қытайдың Орталық Азия аймағындағы саяси ықпалының артуы», «Қытайдың күшеюі» жайлы шектен тыс дәріптеулер Қытаймен көршілес елдерде «қытай экспансиясы», «демографиялық жағынан жұтылып кету қаупі», тіпті «Қытай тарапынан

төнген соғыс қаупі» сияқты түрлі фобиялардың өршуі мен үрейдің тууына түрткі болды.

2013 жылы Америка Құрама Штаттарының Pew зерттеу орталығы әлемдегі синофобия (латын тілінің *Sinae* «Қытай» және грек тілінің *φόβος*, *phobos* «қорқыныш» деген сөздерінен шыққан антиқытайлық көңіл-күй) мәселесіне қатысты сауалнама жүргізіп, зерттелген елдердің тек жартысында (38-нің 19-ы) Қытайды жағымды деп тапты. Пекиннің ең мықты қолдаушылары Азияда, Малайзияда (81%) және Пәкістанда (81%) болып шықты; Африка елдері Кения (78%), Сенегал (77%) және Нигерия (76%); сонымен қатар Латын Америкасы, әсіресе Қытай нарығына тәуелді елдерде, мысалы, Венесуэла (71%), Бразилия (65%) және Чили (62%) мемлекеттерінде Қытайдан еш қауіп жоқ деген пікірлер қалыптасқан. Алайда, Қытайға қарсы пікір Батыс пен басқа Азия елдерінде тұрақты болып қалды: немістер мен италяндықтардың тек 28%-ы және америкалықтардың 37%-ы Қытайға оң көзқараспен қарады, ал Жапонияда респонденттердің тек 5%-ы бұл ел туралы оң пікір білдірді (Pew Global, 2013).

Синофобияның әлемде кең таралғаны соншалықты, дүниежүзінің бірде бір мемлекетіне Қытайға қарағандай қауіппен, күдіктене қарамайтын шығар. Саясаттанушы Б.Қ. Сұлтановтың пікірінше «Бір белдеу, бір жол» жобасы Батыстың

Тынық, Үнді және Атлант мұхиты арқылы өтетін теңіз жолы жүк тасымалын бақылаудағы монополиясын жоюға бағытталған. Теңіз жолы арқылы жүкті 45 тәулікте тасымалдайтын болса, «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрлықпен тасымалы 10 тәулікті құрайды екен. Осы жағдай батыста антиқытайлық қимылды тудырып отыр. Оны шетелдік бұқаралық ақпараттар құрал беттеріндегі «Қызыл айдаһар оянды», «Қытай әлемдік диктатураға ұмтылуда» және т.б. осы сынды тақырыптағы материалдардан аңғаруға болады дейді (Султанов, 2018).

Орталық Азия елдерінде де синофобия құбылысы өте кең таралған. Тарихи тұрғыдан Шығыс империясы көшпелі түркі тайпаларының дәстүрлі жауы болып табылады. Кенес Одағы заманында Қытай мен КСРО арасындағы келіспеушіліктерге байланысты қытайға қарсы пікірлердің кең таралғаны соншалық, ол шекарадан тыс қақтығыстарға да алып келген болатын. Александр Солженицынның хатында баяндалған «қытай қаупі» консервативті орыс самиздатында қытайға қарсы пікірлердің кеңінен таралуына себеп те болды (Zisserman-Brodsky, 2003:65).

#### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері.**

Баспасөз беттерінде соңғы кездерде антиқытайлық көңіл-күй жиі көрініс алуда. Кейбір саясаттанушылар көрші елдің белсенді экономикалық ықпалының артуы туралы объективті алаңдаушылық білдіріп жатса, басқалары бұл мәселенің саясаттағы манипуляцияға айналып жатқандығына көңіл бөлуде. Ғылыми ортада «Қытайдың Орталық Азияны экономикалық тұрғыдан жұтуы» туралы пікірталастардың көбейгендігі шындық. Осыған орай, шынымен де елімізде синофобия ақпарат құралдарында жазылғандай кең таралған ба және оның біз үшін әсері қандай болмақ деген сауалдарға жауап табу мақаламызды жазудың негізгі алғышарты болып табылады.

Қытай – Орталық Азиядағы маңызды экономикалық ойыншы болғандықтан, аймақ елдері үшін Қытаймен жақсы қарым-қатынас басымдыққа ие. Алайда Орталық Азияның ірі мемлекеттері болып табылатын Қазақстан, Қырғызстан елдерінде синофобияның кең таралуы экономикалық тұрғыдан пайдасы бар ірі жобалардың орынды жүзеге асуына кедергілер туғызуда. Осы мәселелер тұрғысынан алып қарастырғанда, **мақаламыздың негізгі мақсаты** – Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасында қазіргі таңда белең алып жатқан синофобия құбылысының шығу

тамырын саралап, республикамыздың алып көршісі Қытай елімен қарым-қатынасына тигізер ықпалын ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттан мынадай **міндеттер** туындады:

– «фобия», «синофобия» түсінігінің теориялық және әдіснамалық тәсілдерінің негізін айқындау;

– Орталық Азия аймағы елдеріндегі «синофобияның» қалыптасу тарихына шолу жасау;

– Қазіргі кездегі Орталық Азия елдеріндегі, соның ішінде Қазақстанда Қытайға қатысты түрлі фобиялар мен қорқыныштардың туындау себептеріне талдау жасау;

– «Бір жол, бір белдеу» стратегиясын жүзеге асыруда синофобияның әсерін талдау.

Қазақстандағы қытайлықтарды жек көру немесе синофобия көңіл ауанының түп төркіні қайда жатыр? – деген сұрақ отандық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жиі көтеріліп жатады. Бұның бір себебі ғасырлар бойы көрші жатқан ел болғандықтан, тарихи түрлі байланыстар кезеңінде этникалық ксенофобия ретінде қоғамдық санаға жасанды түрде әдейі енгізілу мүмкіндігін де ескеруіміз керек. Бірақ өткен тарихи кезеңдерде, яғни жауласушы кезеңде енгізілген бұл ксенофобияның салдары қалай болатындығын бүгінгі ұрпақ ойлануы керек.

#### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақаланы жазу барысында талдау, саралау, синтездеу, сараптамалық талдау сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Қазақстандағы «Бір белдеу, бір жол» жобасы стратегиясына дискурсивті талдау жүргізілді. Зерттеу тақырыбына қатысты материалдар отандық, сондай-ақ шетелдік авторлар еңбектері жинақталып, өңделіп, оларға құрылымдық талдау жүргізілді.

Әлеуметтік-тарихи шындықты қарастыру барысында логикалық және тарихи-салыстырмалы талдау, сондай-ақ, функционалды талдау әдістері қолданылды.

Көптеген елдерде жүргізілген әлеуметтік сауалнама мен эмпирикалық зерттеулер негізінде Қазақстан мысалында кең тараған Қытай қатерінің теориясы талданды.

Осы мәселені зерттеуді негіз еткен фундаменталды еңбектер өте аз. Біз негізінен Марлен Ларуэль, Себастьяна Пейрузаның «The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor» (Marlene Laurelle, 2012) және К.Л. Сыроежкиннің «Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений» (Сыроежкин, 2014) еңбектеріне және ресми басылымдарға

сүйендік. Бұл тақырыпты қозғаған бар зерттеулер көбінде ғылыми мақалалар аясымен ғана шектелуде. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында бұл мәселе түрлі тұрғыдан қарастырылған және ортақ пікір жоқ. Осы тақырыпта жазған авторлардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, Орталық Азиядағы синофобияның туындауының негізгі себептері ретінде Қытайдың өзге ел территориясын иемдену қаупі көрсетілуде. Оның тамыры сонау 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдағы Ресей Империясы, кейіннен Совет Одағы мен Қытай арасындағы территориялық дау-дамайдан бастама алады. Бұл мәселеге қатысты, Қытай жаңадан тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттерінің әрқайсысымен екіжақты келісімдерге қол қойды және алғашында «Шанхай бестігі», кейіннен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына айналған аймақтық қауіпсіздік ұйымын құрып, Қытай өзінің аумақтық талаптарын едәуір қысқартты. Қазақстан жағдайында, Қазақстан президентін Назарбаев пен Қытай Премьері Ли Пэн 1994, 1997 және 1998 жылдары шекаралық келісімдерге қол қойып, Қытай шекаралық аймақтың 2420 шаршы шақырымның 34 пайызынан бас тартты (Catherine Owen, 2017:105). Жоғары басшылар қытайлық қатысудың экономикалық аспектісін оңды жағынан қарастырғанымен, қарапайым халықтың санасында тұрақталып қалған қауіп сонда да өз ықпалын тигізуде.

Қытайдың демографиялық жағдайы Орталық Азия мен Қазақстандағы синофобияның туындауының тағы бір себебі болып отыр. Оның түп төркінін Қытайдың демографиялық тұрғыдан Қазақстанды «жұтып қою қаупінен» іздейміз. Мысалы, «Қытайдың халық саны жыл сайын 15 миллионнан астам адамға, яғни Қазақстанның халқының жалпы санымен бірдей өсіп отырады» (Marlene Laurelle, 2012:26). Осындай Қытайдың халық санының жыл сайынғы өсімі Қытайдағы «еңбек ресурсының артуы» мәселесін тудыруы мүмкін, және ол өз кезегінде қытайлардың Қазақстанға миграциясын арттырып, «қытайлар бізді басып қалады» деген болжамдар жиі айтылды. Сонымен қатар, БАҚ жарияланымдарында Пекин экспансиясын жүзеге асыру үшін мақсатты түрде әрекет жүргізіп жатыр деген ақпараттарды жиі көреміз. Бірақ, Қытай демографиялық экспансия саясатына басымдық беріп, ОА аймағы елдерімен және Қазақстанмен қатынасын тұрақсыздандыруға әкеп соғатын қадамға бармайтынын ескеруіміз керек. Бірнеше жылдан бері қызу талқыланып жүрген, әлі де өзектілігін жоймаған, халықтың қорқынышының

тууына негіз болған қытайлардың миграциясы мәселесінің ара-жігін ажырату үшін ҚХР дан келетіндердің санын нақтылап көрсететін, сыртқы миграцияны жүзеге асыру тетігі жайлы ешқандай нақты ақпараттың берілмейтіндігін айту керек. Болса да, келтірілген деректерде сандар айырмашылығы көп, бір-біріне қайшы келеді. Сондықтан да, қазіргі қытай миграциясы, яғни ел территориясындағы таза ханьдықтардың нақты саны көрсетілген ресми мәліметтің жарияланбауы да, халық арасында алып-қашпа әңгімелерді тудырып, қорқынышты үдете түсуде. Осыған орай, еліміздегі осыған жауапты ресми орган Қытайдан келіп жатқан азаматтардың жалпы санын, этникалық құрамын, еңбек мигранттарының елдің қай аймағына, яғни географиялық орналасуын, қандай салаға, кім ретінде тартылып жатқаны туралы дер кезінде ақпараттарды жариялап отырса, қорқыныш сейілер еді.

Дегенмен, қытайлық еңбек миграциясы мәселесіне атүсті қарайтын болсақ, егер Қытай халық санының артуымен қалыптасқан «артық еңбек күшін» заңсыз жолмен орналастыруға тырысса, біз соған жол берсек, ол фобия емес, шынайы қауіпке айналуы мүмкін. Оның алдын алу үшін мигранттарға бақылауды күшейтіп, тиісті заңның орындалуын қадағалау қажет және ең бастысы осы мәселе ғылыми негізде кешенді түрде зерттелуі тиіс.

Зерттеуші ғалымдар Марлен Ларуэль және Себастьяна Пейруза «The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor» (Орталық Азиядағы Қытай мәселесі: Ішкі тәртіп, әлеуметтік өзгерістер және қытайлық фактор) атты еңбегінде Қытайдың аймақтық ықпалы «аймақтағы экономикалық статус-квоны түпкілікті өзгертіп жіберген» деген пікірін білдіреді. ОА барлық жолы Мәскеуге емес, Үрімшіге немесе Қашғарға апарды деп қорқынышты үдете отырып, синофобия - Қытай қарқынын тоқтата алатын шынайы проблема бола ала ма? деген сұраққа жауап іздейді (Marlene Laurelle, 2012: 45).

Көтеріліп отырған мәселеге бейтарап жақтан қарасақ, Қытай мен Қазақстан мүдделері бір бірін толықтырып отыр деуге болады. Қытайдың табиғи ресурстарға, жаңа шикізат көздеріне, әсіресе энергоресурстарға деген қажеттілігі артып отыр және олардың тауарын өткізетін нарық керек. Ал, Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан ресурсқа бай болғандықтан Қытай назарын ерекше аударып отыр. Қытай аймақтағы басты инвестор және осы аймақ елдерінің негізгі

сыртқыэкономикалық серіктесі. Себебі, бұл аймақ Қытай инвестициясы үшін өте ыңғайлы, қауіпсіз болып отыр. Қазіргі таңда ОА елдері нарығында қытай импорты ғана басым емес, экспорт көлемі де артып келеді.

Қазақстан территориясының транзиттік потенциалы Қытайдың «Жаңа жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын жүзеге асыруға өте тиімді. Осы себепті ҚХР мен ҚКП жаңа басшылығы Орталық Азия мемлекеттерімен байланысын сыртқы саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастырып отыр. Сондықтан, Қытайдың біздің аймаққа деген қызығушылығының артуын «қауіп» емес, қалыпты үрдіс деп қарау керек.

Бүгінгі таңда, Қытайдың «бір белдеу, бір жол» бастамасы өзінің ауқымды саяси, экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерінің арқасында, әлемде жарияланған ең ірі жоба болып отыр және Орталық Азияның барлық елдеріне, әсіресе Қазақстанға ұзақ мерзімді ықпалы болары анық.

Қазақстандағы, бүкіл Орталық Азия аймағындағы «бір белдеу, бір жол» жобасы аясында салынып жатқан ірі көлемді инфрақұрылым құрылысы Қытайға ғана тиімді, оның ұзақ мерзімді мүдделерін қанағаттандыратыны сөзсіз. Қазіргі уақытта Қытай Қазақстанның инфрақұрылымының негізгі инвесторы болып табылады. Осы жағдайлар қазіргі кезде елдегі Қытайға қатысты қорқынышты үдетіп, шыннайы қауіп пен «мифологиялық» қауіп ара жігін ажыратуға мүмкіндік бермей келеді.

Дегенмен Қытайдың «әлемдік фабрикаға» айналып, аймақтағы өнеркәсіп шеберханасы ретінде барлық өңдеу орындарына өз инвестициясын салуын қауіпке санап, фобия тудыру қажет емес. Себебі, аймақ елдері экономикасы әлі күнге дейін тек шикізат көзі ретінде ғана дамып отырғаны анық.

Сонымен қатар, осы зерттеу жұмысы барысында Қытайдың «бір жол, бір белдеу» бастамасының Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға әсері бағаланды, атап айтқанда, Қытай мен осы жобаға қатысты қоғамдық көңіл-күй талданды. Қазақстан, Орталық Азия халқына «бір жол, бір белдеу» бастамасы аясындағы Қытайдың қызметі туралы хабардар ету, осылайша біздің елдегі китаефобия толқынын азайту. Өйткені дәл осындай түсінбеушіліктен әрдайым қорқыныш туады.

Қытайдың Қазақстанға қатысты институционалды сыртқы саясатын, қазақстан-қытай қарым-қатынастарын, ҚХР-дың ҚР-дағы экономикалық

ықпалын және ҚХР-ның қаржы-экономикалық стратегиясын түсінуге және бағалауға тырыстық.

### **Нәтижелері және талқылама**

Қытай біздің ел үшін сыртқы саяси және экономикалық саясатымыздағы басты әріптесіміз болып саналады. Тәуелсіздік жылдарынан бері екі ел арасындағы жан-жақты байланыстар қарқынды дамып келеді. Осы жылдар ішінде бірқатар ауқымды экономикалық жобалар іске асырылды, сауда-экономикалық байланыстар жыл сайын үдемелі қарқынмен дамуда.

Индустриалдық-инновациялық ынтымақтас-тық туралы екі ел арасындағы бағдарламалар біртіндеп іске асырылып келеді. Осы бағдарлама аясындағы Қазақстанға құны 28 млрд доллар болатын 51 жаңа жобаны әкелу туралы келісім нәтижелері жүзеге асырылып келеді. Олардың бірқатары іске қосылып, өндірістік дамуымызға өз үлесін қосуда.

2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» стратегиясына кіретін «Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» деп аталатын бастамасын алғаш рет Қазақстанда Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде ұсынды. Осы уақыттан бері бұл стратегиялық жобаға әлемнің 140-тан астам мемлекеттері мен аймақтары назар аударып, оған қатысуға ниет білдіруде. Біздің елімізде бұл стратегияны іске асыруда өз мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға ұмтылыс танытып отыр. Қазіргі таңда Қытай Орталық Азия елдеріндегі тікелей шетелдік инвестициялардың ең ірі провайдеріне айналууда. Қытай инвестициялары Орталық Азия экономикалары мен Орталық Азия халқының күнделікті өміріне нақты пайда әкелуде. Бұл жетістіктер аймақтың көлік инфрақұрылымында көрініс табуда. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының негізгі мақсаты – қытайлық өндірушілер мен батыс нарықтар арасындағы байланысты жақсарту. Пекин сонымен бірге Орталық Азиядан Қытайға табиғи ресурстардың ағынын жеңілдетуге дайындығын да білдіруде (Тавровский, 2017). Одан бөлек, «Бір белдеу, бір жол» бастамасының аясында 2015 жылдан бастап Хоргос Шекаралық Ынтымақтастықтың Халықаралық Орталығы жұмысын атқарып келеді және аталмыш бастаманың маңызды жобасының бірі болып табылады.

Жоғарыда аталған жетістіктермен қатар Орталық Азия үкіметтері Пекинге тым тәуелді бола бастады деген алаңдаушылық та туындауда. «Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» деп ата-

латын стратегиясына кіретін «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» сияқты бастамалары, бір жағынан, басқа мемлекеттердің қажеттіліктеріне сәйкес жаңа инфрақұрылымдар мен өндірістік кәсіпорындарын ашуға көмектесе, екінші жағынан, Қытайдың технологияларын, құралсайманын, қаражатын, еңбек күшін сыртқа шығару арқылы ішкі мәселелерді шешуді және Қытайдың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Осы орайда Қазақстан үшін көрші мемлекеттің мүмкіншіліктерін ұтымды пайдалана отырып, индустриялық инновациялық дамуымыздың мақсаттарымен ұштастыру арқылы Қазақстан аумағында жаңа кәсіпорындар ашу мен өндірілген өнімді Қытайға шығару арқылы екі-жақты экономикалық қатынастарды және инвестициялық ынтымақтастықты ілгерілетуге болады» – дейді ҚР Қытайдағы Төтенше және өкілетті елшісі Ш. Нұрышев (Нұрышев, 2016)

Елімізде соңғы екі-үш жыл ішінде ет, бал, ұн сияқты дайын өнімдерді Қытай нарығына шығаруға бағытталған кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Карантиндік ветеринарлық талаптарға қатысты рұқсат алынған соң, отандық өнім қытайлық тұтынушыларға жетуде. Қытайға жыл сайын мыңдаған тонна астық экспортталады.

Осы орайда, Қытай халқының демографиялық өсімі ұлан-байтақ жері бар, бірақ халық саны аз Қазақстанға қауіп төндірмей ме? – деген сұрақ халықтың көкейінде тұратындығы да шындық. Ел ішінде Қытайға қатысты неше түрлі фобия бар. «Қытайлар бізді халық санымен-ақ жаулап алады», «алып елдің экономикасы дамыған сайын біздің экономика құлдырайды», «салған инвестициялары мен берген несиелері өскен сайын тәуелсіздігімізге қауіп күшейеді» деген пікірлер жиі айтылады.

Синофобия – бұл, мәні жағынан алғанда, ксенофобияның бір түрі, яғни бір нәрсенің немесе бөтен біреудің әртүрлі өзгешеліктеріне байланысты (терісінің түсіне, ұлтына, т.б. белгілеріне қарай) жек көру немесе ұнатпауды білдіреді. Осының жарқын мысалы ретінде АҚШ-тағы ұзақ уақыт бойы қара нәсілділерге қатысты дискриминациялық саясаттың орын алуын айтуға болады. Сол АҚШ-тың өзінде қазіргі күнде миллиондаған қытайлықтар мекен етеді. Америкалықтар арасында да анда-санда болсын синофобия үрдісі көрініс беріп тұратындығын жоққа шығармаймыз. Тіпті көрші Ресей елінде де синофобиялық көзқарастың жиі көрініс беріп отырғандығын БАҚ материалдарынан көріп

жүрміз. Яғни, әртүрлі елдерде бұл көзқарас әртүрлі сипатта көрініс табады.

Қазақстандағы синофобия қазіргі АҚШ-тағы жағдайдан мүлдем өзгеше. Қарапайым америкалықтар қытайлықтарға жау көзбен қарамайды, олармен қоян-қолтық араласа береді, сондықтан да ондағы қытай диаспорасы өздерін еш қауіпсіз қолайлы жағдайда сезінеді. АҚШ-тағы қытай диаспорасының көпшілігі, әдетте, жоғары ақы алатын және жоғары кәсіптік білімі бар мамандар (дәрігерлер, инженерлер, заңгерлер, программистер). Сонымен бірге билік тарапының жағынан АҚШ-тың Қытайға деген толып жатқан наразылық мәселелері де жетерлік екенін білу қажет. Мысалы Қытайда демократиялық капитализмнің талаптарының болмауы, ал ҚХР билігінде коммунистік партияның отыруы сияқты мәселелер. Сонымен қатар Аспан асты елі өте жылдам қарқынмен алып державаға айналып барады, ал бұл өз кезегінде АҚШ-тың бәсекелестік сезімін күшейтіп, мазасыздануына әкеліп, қытайлық қауіп туралы науқанды – синофобияны өршітуге күш салады.

Қазақстандағы антиқытайлық көңіл күйдің өршуін әлемдегі саяси және экономикалық белсенділіктің Батыстан Шығысқа, соның ішінде Азияға ауыса бастағанымен, Қазақстанның транзиттік маңыздылығымен түсіндіруге болады. Қытай Батыс елдерінің ең бірінші бәсекелесі. ШЫҰ-ның кеңеюі, БРИКС (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүсік Африка Республикасы) елдерінің саяси салмағының артуы батысты қатты алаңдатады. Неге Батыс мемлекеттері Қытайдың экономикалық ықпалынан үркеді? «Бір белдеу, бір жол» жобасы Тынық, Үнді және Атлант мұхиттары арқылы теңіз жолымен өтетін жүк тасымалына бақылау орнатқан Батыс елдерінің монополиясына қарсы бағытталған. Теңізбен 45 тәулік жүретін жүктерді құрлықпен небәрі 10 тәулікте жеткізу тиімді. Қазір үш әлемдік мұхитпен тасымалданатын жүктердің жартысы солтүстіктегі жолмен өтеді. Бұл жағдай АҚШ-тың экономикалық қана емес, әскери саяси мүддесіне үлкен соққы болмақ (Султанов, 2018). Осы тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, Батыс елдері Қазақстандағы синофобияны әдейілеп өршітуге ұмтылыс білдіріп отырғандай. Қазақ қоғамындағы антиқытайлық көңіл-күй күшейген сайын, «Жібек Жолы экономикалық белдеуі» атты қытайлық жоба құрдымға кетіп, қазақ-қытай қарым-қатынастары нашарлайды деп ойлайды. Трансұлттық корпорация көшбасшыларына Қазақстан халқының мүддесі

керек емес, олар мол табыс табуды көздейді. Қазақстандағы антиқытайлық көңіл-күйдің басымы бөлігі төменгі деңгейде, яғни халықтың тұрмыстық деңгейіндегі ашу-ыза сияқты түрде көбірек көрініс береді. Қазақстандағы қытайлық кәсіпорындардағы қытайлық жұмысшылардың санының көптігі, олардың жалақыларының жергілікті жұмысшылардан көп болуы сияқты әлеуметтік мәселелер болып отыр. Ал соңғы жылдары біздің елмен көршілес аймақ Шыңжаңдағы жағдайларға байланысты туындап отырған этникалық мәселелер де синофобияны өршітіп отырғандығы шындық. Қытайдың Шыңжаңда тұратын миллиондаған ұйғырлармен қатар қазақ және қырғыз мұсылман азшылықтарын «қайта оқытудағы» әрекеттері Орталық Азиядағы Қытайға қарсы наразылықтардың өршуіне себеп болды. Қазақстанда «Атажұрт Еріктілері» қоғамдық ұйымы Қытайдың солтүстік-батысында 10 000 этникалық қазақтың ұсталуын жариялады, ал 2018 жылдың соңында Қазақстан сыртқы істер министрі оның кеңсесіне Шыңжаңдағы отбасы мүшелерінің босатылуын қамтамасыз етуге көмек сұрайтын 1000-нан астам хат түскенін мойындаған болатын. Жалпы Орталық Азия аумағында синофобияның кең таралуына шекараның ар жағындағы қандастардың жағдайы ғана себепкер емес. Қытайлық азаматтардың қазақ-қырғыз қыздарына үйлену жағдайларының жиілеп кеткендігі де қоғам ішінде үлкен наразылықтарды тудыруда (McGlinchey, 2019).

Жоғарыда аталған себептерге қарамастан, Қытай Орталық Азиядағы жас ұрпақтар арасында синофобияны жоюда үлкен жетістіктерге жетуде. Бейжіңнің «жұмсақ күшінің» үлкен ресурстары осы аймақтағы жастарды Қытайда оқыту мен тілдік бағдарламаларға тартуға жұмсалды. Сонымен қатар Бейжің үкіметі аймақтағы мектептер мен университеттерде Конфуций институттарын құрған болатын және бұл шаралар өз жемісін берді. Америкалық Гэллап қоғамдық пікір Институтының 2018 жылғы сауалнамалары бүгінгі жастардың 2006 жылғы әріптестерінен гөрі Бейжің туралы біршама жағымды пікірде екендігін көрсетуде. 2006 жылы орталық азиялықтардың 30 жастан кіші тұрғындарының 39,6 пайызы, ал 2018 жылы 42,5 пайыз жастары Қытай үкіметінен қауіп жоқ деп таныған болатын. Осы орайда айта кететін жағдай, Қытайдың Орталық Азия жастарына білім беру мүмкіндіктерін ұсыну арқылы оның аймақтағы жұмсақ күшін кеңейтуге бағытталған бастамалары тек білім саласымен ғана шектелмейді

(McGlinchey, 2019). Осы себептен де, Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын елімізде жүзеге асырылу мәселесі бөлек және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қоғам ішінде орын алып жатқан тұрмыстық қақтығыстар мен наразылықтарға қарамастан, жоғары мемлекеттік деңгейде ондай жағдай болған емес, қайта екіеларасындаынтымақтастық туралы сан алуан келісімшарттарға қол қойылып, қарым-қатынас жақсы деңгейде өрістеуде. Мысалы “Нұрлы жол” мен “Жібек жолының экономикалық белдеуі”, “Бір жол – бір белдеу” стратегиялық бағдарламаларының үйлесімділігін айтуға болады. Шыңжаңдағы бауырлас қазақтардың жағдайына алаңдаушылық мәселеде дипломатиялық жолдармен реттелуде.

Сондай-ақ, Қытайдың мемлекеттік ақпараттық кеңістігі Қазақстанның жағымды имиджін қалыптастырып, оны барынша дос ел екендігін атап өтіп, екі елдің арасындағы байланыстардың жылдам қарқында дамуына назар аударып отырады.

ҚХР өкіметінің Қазақстандағы синофобияның көрініс беруіне әзірше аса көңіл бөлмей отырғанына жайбарақаттық танытуға болмайды, оның салдары болу мүмкіндігін есте ұстау керек. Қытай билігі біздің елдің инвестициялық ахуалына, бизнестік тартымдылығына теріс әсер немесе ықпал етіп, қытайлық инвесторлардың ынтасына кері әсер ету мүмкіндігін ескеруіміз қажет. Инвесторлар өздеріне қауіп төнуі мүмкін елге ақша салмайтындығы белгілі. Сондықтан қытайлық инвесторларды үркітіп алу біздің экономикамызға тиімсіз екендігін есте сақтаған жөн.

Бір жағынан, халқымыздың елде синофобияны туғызуға себеп болып отырған жоғарыда аталған мәселелерге ерекше назар аударатыны қуантады, өйткені отансүйгіш азаматтарымыздың бар екендігін көрсетеді. Екінші жағынан, осы қорқыныштарға бой алдырып, көрші мемлекетпен қарым-қатынасты тежеу дұрыс шешім болып шықпайды. Бүкіл шекарамыздың бойына тағы бір ұлы қорған тұрғызып, көрші мемлекеттен іргені аулақ сала алмаймыз ғой. Қайта Қытайдың даму барысына терең сараптама жасау арқылы оның тиімді жақтарын ұтымды пайдалану өзімізге тиімді болмақ.

Негізінен, «Бір белдеу, бір жол»-ға қосылу біздің елдің басшылығы үшін үлкен емтихан деп айтса болады. «Бір белдеу, бір жол» туралы сөз қозғағанда ол қытайлық жоба екенін естен шығармауымыз қажет. Яғни бұл дегеніміз, қалай алып қарасақ та, жоба негізінен

қытайлық экономиканың дамуына бағытталған. Ол шындық. Және серіктес елдердің табиғи ресурстарын барынша пайдаланып қалу, сол аймақтардағы жобаларға қытайлық еңбек күшін көптеп тарту заңды жағдай. Кім де болса бірінші кезекте өз мүддесін алдыға қою табиғи заңдылық. Дәл осы тұста Орталық Азия елдері өздерінің осал емес екендіктерін көрсететін мүмкіндік туындауда. Еңбек мигранттарына берілетін квота, тексерулер мен айыппұлдар, жобаны жүзеге асыру шарттарын толықтай бақылауда ұстау, және т.б. – бұл біздің үкімет қытайлық кәсіпкерлерді бақылауда ұстай алатын тәсілдердің бірсыпырасы ғана (Панкратенко, 2019). Егер де біздің биліктегілер бұл шараларды жүзеге асыра алмаса, онда жауды сырттан іздеудің қажеті жоқ деп санаймыз.

Қытай өзінің тұрақты ішкі дамуы үшін өз айналасында қауіпсіздік аймағын белсенді түрде құру үстінде. Бұған дәлел ретінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылы 25 қазанда Қытаймен көршілес аймақтарда дипломатиялық жұмыс бойынша отырыста айтылған сөздерін келтіруге болады: «Географиялық жағдайға, қоршаған ортаға немесе қарым-қатынастарымызға қарамастан, айналамыз біз үшін маңызды стратегиялық мәнге ие» (Си Цзиньпин, 2015). Осы себептен Қытай үшін Орталық Азия елдерінде, әсересе Қазақстанда бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуы өте маңызы.

Ал енді қазақ-қытай қатынастары синофобияның кесірінен қандай зардапқа тап болуы мүмкін? – деген сұраққа келетін болсақ:

Өзіміз білетіндей, біздің бизнес саласындағы орасан зор жоспарларымыз қытай нарығына көп үміт артады. Біз қытай нарығына отандық азық-түлік өнімдерін – ет пен астық өнімдерін көптеп шығаруды ойластырудамыз. Оның үстіне қытайлық сұраныстың ауқымды көлемін ескере отырып, өзіміздің ауыл шаруашылық саласын дамытуды ұлғайта түсуге мүмкіндік аламыз. Егерде біз екі елдің арасына сына қағатын синофия сияқты әрекеттерді жалғастыратын болсақ, онда біз бұл мүмкіндіктерден айрылып қалуымыз ғажап емес. Қытайлық нарық мүмкіндігін ұтымды пайдалану үшін онымен бейбіт қатынастарды мықты ұстану ғана келешектің бейбітшілікте болуына жол ашады. Екі ел арасындағы барыс-келіс, түрлі деңгейдегі байланыстарды дамыту халықаралық қатынастар ережесіне сай паритет сақтау дұрыс жол болмақ.

Ең алдымен, өзіміздің ең ұтымды тұстарымызды, яғни әлемнің екінші экономикасы атанған көршімізбен экономикалық тиімді бай-

ланыстарымызды қолдан шығарып аламыз, ол дегеніміз барлық жетістікті жоққа шығарумен тең. Қазақстан қытай халқының сатып алу қабілетінің жоғары деңгейін ескере отырып, өзінің транзиттік орнын тиімді пайдаланып, қытайлық инвестицияны тартып, елдің экономикасына қажетті қытайлық технологияларды тарту арқылы жетістікке жетуге зор мүмкіндік бар. Сондықтан синофобия арқылы байланыстарымызға көлеңке түсіру еліміз үшін экономикалық тұрғыдан өте қажетсіз саясат болмақ.

### **Қорытынды және тұжырамдама**

Си Цзиньпин «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын осыдан жеті жыл бұрын ұсынғанда Пекин оны Қытайды үшінші мыңжылдықтағы «үлкен әлемге» алып баратын жоба және ел экономикасын дамытудың жаңа құралы деп баға берді.

Қытайдың Орталық Азиядағы саясатын зерттеуші ғалымдардың пікірінше, аймақ мемлекеттері бастама аясында салынып жатқан инвестициялар мен жүзеге асырылып жатқан немесе жоспарланып отырған жобалардың «құнын» ескеріп, өз мүддесі мен пайдасын ескермесе, төнер қауіптен құтылмасы анық. Сондықтан, Орталық Азияда «бір белдеу, бір жол» бастамасымен қатар синофобияның күшеюі заңды құбылыс болып отыр.

Дегенмен, біз экономикасының қарқынды дамуының нәтижесінде аймақтық мемлекеттен жаһандық державаға айналған алып көршіміз Қытайдан «қауіптен» бермей, тату көршілік сипаттағы байланысымызды нығайтып, оның тәжірибесін ұлттық экономикамызды дамыту мен ұлттық қауіпсіздік мүддемізге жаратуды үйренуіміз керек. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Қытай мен аймақ елдеріндегі өзекті мәселелер анықталып, оларды шешудегі екі жақтың да шынайы мүмкіндіктеріне баға берілсе, осылайша, аймақ елдерін мазалаған түйткілді мәселелерді шеше алса, «қытайлық қауіп» фобиясы толық болмаса да, өздігінен-ақ біртіндеп жойылары анық.

Сондай-ақ, қазіргі ақпараттың қолжетімділік заманында халық арасына таралып отырған Қытайдың Шыңжаңдағы аз санды ұлттарға қатысты саясаты туралы ақпараттар да фобияны одан әрі өршіте түсті.

Шыңжаңның өткен тарихындағы Қытай мен Ресейдің, Кеңес Одағының ондағы жүргізген саясаттарының тарихи сабағы, тәуелсіз Қазақстанның Қытаймен, оның Шыңжаң өлкесімен байланыстарын қалыптастырып, оны болашақта одан әрі дамытуда маңызды болмақ. Қазақстан



ҚХР-дың Шыңжаң өлкесімен шекаралас болғандықтан, бұл өлкедегі саяси тұрақтылық біздің еліміз үшін де аса маңызды. Шыңжаңдағы қазіргі кездегі өрістеп отырған сепаратистік, террористік әрекеттер, бұл өлкенің өзі үшін де және онымен көршілес елдер үшін де, қазіргі қалыптасқан жағдайда, өте қауіпті. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың қалыпты, бейбіт жағдайда, өзара түсіністік пен ынтымақтастық жағдайында дамуы үшін, біздің республикамыз Қытай мемлекетімен арадағы қол қойылған келісім-шарттар негізінде бір-бірінің мемлекеттік суверенитетін, территориялық тұтастығын сақтау принциптерін құрметтей отырып, онымен тату көршілік қарым-қатынастарды дамытуды жақтайды. Шыңжаң өлкесімен ғасырлардан бері тарихи байланыстары жалғасып келе жатқан біздің еліміз, ондағы өмір сүріп жатқан бір миллионнан астам қандастарымыздың тағдырымен санаса отырып, онымен экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық байланыстарды дамыту мақсатын көздейді. Бұл өлкемен дәстүрлі тарихи байланыстарды жалғастырумен қатар, жаңа заманның қарым-қатынастар саласындағы озық үлгілерін де қолдана отырып, кең ауқымдағы сан-салалы байланыстарды көпвекторлы сыртқы саясат принципі ауқымында дамытуға болады деп есептейміз.

Қазіргі таңда Орталық Азия елдерінде синофобия қоғамның белгілі бір бөлігіне ғана емес, жалпы қоғамның барлық таптары арасына тарап, діни және этникалық сипат алып отыр. Жергілікті элитаның орталық билікпен күрес кезінде өздерінің «билігі» үшін тиімді құрал ретінде шебер пайдаланып отырғаны байқалады. Сонымен қатар, биліктің қытай бизнесін басқаруға ғана көңіл бөліп, жергілікті ережелерге назар аудармауы антиқытайлық наразылықты күшейтуде.

Алайды, аймақтағы синофобияның өршуіне тек жоғарыда аталған мәселелер ғана емес, «қытайлықтардың «өзіндік» жұмыс істеу тәсілі де ықпалы етті» деген Орталық Азиядағы синофобияны зерттеуші ғалым, саясаттанушы И. Панкратенконың пікірімен келісуге тура келеді. Ол: «тек қана қытайлық қызметкерлерді жұмысқа тарту, экологиялық және санитарлық нормаларды сақтамау, парақорлыққа жол беруі» жергілікті халық наразылығын тудыруда деп атап көрсетеді (Панкратенко, 2019).

Мақаламызда Қазақстандағы синофобияның көріністерін талқылай келе, Қытайдың Орталық Азияда жүргізіп отырған саясатының негізі ту-

ралы кейбір жансақ көзқарастарды түсіндіріп өтуге тырыстық. Қазақстандағы синофобияның өршуіне мүдделі сыртқы күштердің қитұрқы саясатына бой алдырмай, ғасырлар бойы қалыптасқан байланыстардың тек пайдалы тұстарын жаңғыртып, жаңа геосаяси жағдайдың талаптарын ескере отырып, әлемнің екінші экономикасы – алып Қытаймен тату көршілік қатынасты сақтауға біз де, Қытай елі де мүдделі екенін назардан шығармау қажет. Себебі Қытай мен Қазақстан мәңгілік көрші елдер болып қалатындықтан, Қытай жағы да, Қазақстан үкіметі де синофобия мәселесін шешуге бар күшін салуы қажет. Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың ашықтығы және қазақстандық азаматтарды қытайлық жобаларда жұмыс орындарымен қамтамасыз ету қытайлық мүдделерді демистификациялауға жақсы бастама болары сөзсіз. Осы шаралар Орталық Азия елдеріндегі ғасырлық синофобияны жеңуге септігін тигізеді.

Соңғы кездері Қазақстанда Қытайға қарсы пікірлер күшейе түсуі, 2016 жылғы Қытай азаматтарының жерді жалға алуына қарсы наразылық белгісі ретінде кең көлемде митингтер өтуі, әлеуметтік желілерде қытайға қарсы ұрандар жиі көрініс беріп, Қазақстандағы қытай компанияларының қызметі туралы көптеген расталмаған ақпараттың таралуы да фобияны күшейтті. Елдегі осындай сипаттағы наразылықтарға қарамастан, Қазақстанның ресми тұлғалары Қазақстан мен Қытай екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы өзара байланыстың ең тиімді кезеңінде екенін мәлімдеді. Ал, Қытай болса Қазақстанға Орталық Азиядағы көшбасшы ел ретінде ерекше көңіл аударып отырады. Екі ел арасындағы қатынастардың мұндай жоғары деңгейі, қытайлық Белдеу мен жол бастамасын іске асырудағы біздің еліміздің рөлін сипаттайды. Қазақстан территориясы Қытай үшін Еуропаға шығар қақпа, сондай-ақ ҚР-мен шектесетін Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданын одан әрі дамыту мүмкіндігі болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі күні туындауы мүмкін салдарларды жақсы түсіну үшін, алармистік көңіл-күй мен «Бір белдеу, бір жол» бастамасының Қазақстанға тигізетін қауіпі туралы мифологиялық түсініктерді болдырмас үшін бүгінде дәл осы жоба шеңберінде жүзеге асырылып отырған екіжақты қарым-қатынастарға, олардың құрылымына талдау жасау қажет.

Әдебиеттер

- F.Fukuyama. )1992( The End of history and Last Man.N.Y.  
Pew Global Attitudes. )2013(.Posted on July 18.  
Sinophobia in Kazakhstan can be frustrated, and it is - order - Sultanov // <https://ia-centr.ru> 09.07.2018 // <https://ia-centr.ru> 09.07.2018
- Zisserman-Brodsky, D. (2003). Constructing Ethnopolitics in the Soviet Union: Samizdat, Deprivation and the Rise of Ethnic Nationalism. ISBN 9781403973627.
- Catherine Owen )2017 (“The Sleeping Dragon Is Gathering Strength”: Causes of Sinophobia in Central Asia // China Quarterly of International Strategic Studies, Vol. 3, No. 1, 101–119
- Marlene Laurelle, Sebastien Peyrouse. )2012( The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor.New York,
- Тавровский Ю. (2017) Новый Шелковый путь – главный проект XXI века. Москва, ISBN: 978-5-699-97249-4
- Шахрат Нұрышев, (2017) Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Төтенше және өкілетті елшісі: «Қытай сяоканды қалыптастыруға кірісті». Егемен Қазақстан, 1 қыркүйек 2016. [Tavrovsky Y. The New Shell - The Ultimate Project of the 21st Century, Москва, ISBN: 978-5-699-97249-4
- Shakhmat Nuryshev, Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the Republic of Kazakhstan to China: “China has begun to form Xiaokan”. Sovereign Kazakhstan, September 1, 2016.]
- Eric McGlinchey Questioning Sinophobia in Central Asia <http://www.ponarseurasia.org>
- Панкратенко И.Н. Центральная Азия: шесть лет с “Поясом” и по “пути”// Независимая газета от 15.09.2019
- Си Цзиньпин выступил с важной речью на рабочем форуме приграничной дипломатии// [politics.people.com.cn](http://politics.people.com.cn) дата обращения 23.02.2015 [I. N. Pankratenko Central Asian: the story of the “poem” and the “poem” // The Newspaper from 15.09.2019 Xi Jinping made a great contribution to working through the forum of intensive diplomacy // [politics.people.com.cn](http://politics.people.com.cn) the date of publication 23.02.2015]
- Сыроежкин К.Л. (2014). Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений [Does Kazakhstan need to be afraid of China: myths and phobias of bilateral relations] – Астана-Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 432 с
- Pankratenko I.N. (2019) Central Asian: the story of the “poem” and the “poem” // The Newspaper from Xi Jinping made a great contribution to working through the forum of intensive diplomacy // [politics.people.com.cn](http://politics.people.com.cn) the date of publication 23.02.2015

References

- F.Fukuyama. )1992( The End of history and Last Man.N.Y.  
Pew Global Attitudes. )2013(.Posted on July 18.  
Sinophobia in Kazakhstan can be frustrated, and it is - order - Sultanov // <https://ia-centr.ru> 09.07.2018 // <https://ia-centr.ru> 09.07.2018
- Zisserman-Brodsky, D. (2003). Constructing Ethnopolitics in the Soviet Union: Samizdat, Deprivation and the Rise of Ethnic Nationalism. ISBN 9781403973627.
- Catherine Owen )2017 (“The Sleeping Dragon Is Gathering Strength”: Causes of Sinophobia in Central Asia // China Quarterly of International Strategic Studies, Vol. 3, No. 1, 101–119
- Marlene Laurelle, Sebastien Peyrouse. )2012( The Chinese Question in Central Asia: Domestic Order, Social Change, and the Chinese Factor.New York,
- Tavrovsky Y. The New Shell - The Ultimate Project of the 21st Century, Moscow, ISBN: 978-5-699-97249-4
- Shakhmat Nuryshev (2016) Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the Republic of Kazakhstan to China: "China has begun to form Xiaokan". Sovereign Kazakhstan, September 1,
- Eric McGlinchey Questioning Sinophobia in Central Asia <http://www.ponarseurasia.org>
- I. N. Pankratenko (2019) Central Asian: the story of the "poem" and the "poem" // The Newspaper Xi Jinping (2015) made a great contribution to working through the forum of intensive diplomacy // [politics.people.com.cn](http://politics.people.com.cn) the date of publication
- Syroezhkin K.L.)2014( Does Kazakhstan need to be afraid of China: myths and phobias of bilateral relations